

Тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндөу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін екінші санаттағы рұқсаттарды беру кезінде оларға сәйкестікті растайтын рұқсат беру талаптары мен құжаттар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің м.а. 2024 жылғы 19 шілдедегі № 271 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 24 шілдеде № 34798 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 10.10.2024 бастап қолданысқа енгізіледі

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 2-1) тармақшаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Тұсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндөу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін екінші санаттағы рұқсаттарды беру кезінде оларға сәйкестікті растайтын рұқсат беру талаптары мен құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2024 жылғы 10 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылым

министрінің міндеттін атқарушы

A. Бейспеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
 Өнеркәсіп және құрылым
 министрлінің міндетін
 атқарушысының
 2024 жылғы 19 шілдедегі
 № 271 Бұйрыққа
 қосымша

**Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта
 өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін екінші санаттағы рұқсаттарды
 беру кезінде оларға сәйкестікті растайтын рұқсат беру талаптары мен құжаттарының тізбесі**

№ р/н	Рұксат беру талаптары	Құжаттар	Ескерту
1	2	3	4

**Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта
 өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын занды тұлғаларда мыналардың
 болуын**

1	Меншік құқығында немесе өзге де занды негізде санитариялық-эпидемиол огиялық, өрт, экологиялық талаптарына сәйкес мамандандырылған өндірістік базаның болуы	меншік немесе меншік құқығын растайтын құжат	
2	Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын тасымалдау үшін меншік құқығындағы немесе өзге де занды негізденген көлік құралының (жұк	көлік құралының паспорты, көлік құралын	

	автомобилъдері және / немесе басқа автокөлік болуы	жалға алған жағдайда жалдау шарты	
3	Меншік құқығында және/ немесе басқа да заңды негізде автокөлік үшін кірме жолдары және/ немесе кірме темір жол-тұйықтары бар жер участексінің болуы	жер участексіне акті	
4	Заңды тұлғаның басшысы бекітетін түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың болуы	заңды тұлғаның басшысы бекіткен түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі нұсқаулық	
5	Кәсіпорынның штат кестесіне сәйкес колданылатын жабдықта жұмыс істеу үшін білікті персоналдың болуы	түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін осы рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың болуы мен тізбесін қамтитын мәліметтер нысаны	

Мамандандырылған өндірістік база және болған жағдайда филиалдар, мұндай филиалдарға мыналар жатады:

	Кара металдардың сынықтары мен қалдықтарына арналған оттегі мен пропан баллондарын сақтауға арналған орындар	түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін осы рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың болуы мен тізбесін қамтитын мәліметтер нысаны	
1			

2	<p>Топтары, түрлөрі, маркалары мен сорттары бойынша сынықтар мен қалдықтарды бөлек сақтай отырып, түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауга (дайындауға), сақтауға және қайта өндеуге арналған (түсті сынықтар үшін) қатты бетонды немесе өзге де жабыны бар жабық үй-жайлар не асфальтталған не қатты бетонды немесе өзге де жабыны бар орындар (түрлі-түсті сынықтар үшін)</p>	<p>түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін осы рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың болуы мен тізбесін қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
3	<p>Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын сұрыптауга, кесуге және пакеттеуге арналған жабдықтары мен құралдары бар арнайы алаңдар немесе өндірістік үй-жайлар;</p>	<p>түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін осы рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың болуы мен тізбесін қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
4	<p>Өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған түсті және қара металдардың жарылыс қаупі бар сынықтары мен қалдықтарына арналған қоймалар немесе жабық металл контейнерлер</p>	<p>түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін осы рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың болуы мен тізбесін қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
5	<p>Кәсіпорында бекітілген осы жұмыстарды жүргізу үшін технологиялық процеске сәйкес келетін стационарлық немесе жылжымалы жүк</p>	<p>жүк көтергіш тетігінің паспорты, жүк көтергіш</p>	

	көтергіш жабдық, сондай-ақ жүк көтергіштігі бойынша айлабұйымдар	тетігін пайдалану беру жөніндегі нұсқаулық	
6	Түсті және қара металдардың сынықтарын кесуге, бөлуге, сондай-ақ түсті және қара металдардың сынықтарын қайта өндеуге арналған престерге және/немесе гидравликалық қайшыларға арналған кәсіпорындағы технологиялық процеске сәйкес келетін жабдық	түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін осы рұқсат беру талаптарына қосымшаға сәйкес, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың болуы мен тізбесін қамтитын мәліметтер нысаны	
7	Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшем құралдары (автомобиль немесе темір жол таразылары және/немесе басқа да өлшем құралдары) оларда тексеру туралы колданыстағы сертификат болған кезде	тексеру туралы сертификат	Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының Заңы және "Өлшем құралдарына салыстырып тексеру жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексерудің мерзімділігін белгілеу қағидаларын және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификатының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 934 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18094 болып тіркелген)
8	Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарының радиация деңгейін өлшеуге арналған дозиметриялық	Тексеру туралы сертификат	Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының Заңы және "Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

	немесе радиометриялық жабдық, оған тексеру туралы қолданыстағы сертификат болған кезде	Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № КР ДСМ-90 бұйрығы. Қазақстан Республикасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29292 болып тіркелген)
--	--	--

Занды тұлғаның немесе оның филиалының мамандандырылған өндірістік базасының бөлігі болып табылатын түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын қабылдауды жүзеге асыратын қабылдау пункті мыналарды қамтиды:

1	Өлшем бірлігін камтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшем құралдары (автомобиль немесе темір жол таразылары және/ немесе басқа да өлшем құралдары) оларда тексеру туралы қолданыстағы сертификат болған кезде	Тексеру туралы сертификат	Өлшем бірлігін камтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының Заны және "Өлшем құралдарына салыстырып тексеру жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексеру мерзімділігін белгілеу қағидаларын және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификатының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 934 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18094 болып тіркелген)
2	Қабылдау пунктінің заңды тұлғаға немесе оның филиалына тиесілігін растайтын құжаттар	меншік құқығына немесе өзге де иелік ету құқығына шарт	
3	Деректерді жүргізу үшін технологиялық процеске сәйкес келетін стационарлық немесе жылжымалы жүк көтергіш жабдық, сондай-ақ жүк көтергіштігі бойынша айлабұйымдар	жүк көтергіш тетігінің паспорты, жүк көтергіш тетігін пайдалану беру жөніндегі нұсқаулық	

4	Қабылдау пунктінң занды тұлғаға немесе оның филиалына тиесілігі, атауы, БСН, жұмыс режимі және сатып алу бағалары прейскуранты көрсетілген мандайшалар көруге ынғайлы жерде, сондай-ақ занды тұлғаның ресми сайтында (ол болған кезде)	мандайшаның фотосы	
5	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес келіп түсетін түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтары, қабылдау-тапсыру актілері және бухгалтерлік есептің басқа да құжаттары туралы мәліметтер көрсетілетін есепке алу журналдарының және/ немесе электрондық есепке алу журналдарының болуы	журналдардың фотосы	

Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сактау, қайта өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын занды тұлғаларға рұқсат беру талаптарына қосымша Нысаны

Мәліметтер нысаны

1. Өндірістік база туралы мәліметтер:

1) өндірістік базаның мекенжайы _____

2) өндірістік базаның көлемі _____

3) жылжымайтын мүлікті тіркеу туралы қуәліктің номірі:

4) жалдау (сатып алу-сату, т. б.) туралы шарттың нөмірі:

5) филиалдар, қабылдау пункттері (олар болған кезде) мекенжайы:

6) база мәлімделген қызмет түрін орындау үшін қажетті жабдықтармен жарақтандырылған

2. Кәсіпорынның штат кестесіне сәйкес қолданылатын жабдықта жұмыс істейу үшін білікті персоналдың болуы:

1) Тегі, Аты, Экесінің аты (бар болса)

2) осы ұйымда _____ бастап жұмыс істейді (күнін, айын, жылын көрсету)

3) аттестатталған, кәсіпорында оқытылған (күні, айы, жылы)

3. Қара металдардың сынықтары мен қалдықтарына арналған оттегі мен пропан баллондарын сақтауға арналған орындар:

бар, сипаттамасы

4. Топтары, түрлері, маркалары мен сорттары бойынша сынықтар мен қалдықтарды бөлек сақтай отырып, түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауға (дайындауға), сақтауға және қайта өндеуге арналған (түсті сынықтар үшін) қатты бетонды немесе өзге де жабыны бар жабық үй-жайлар не асфальтталған не қатты бетонды немесе өзге де жабыны бар орындар (түрлі-түсті сынықтар үшін):

бар, сипаттамасы

5. Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын сұрыптауға, кесуге және пакеттеуге арналған жабдықтары мен құралдары бар арнайы аландар немесе өндірістік үй-жайлар:

бар, сипаттамасы

6. Өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған түсті және қара металдардың жарылыс қаупі бар сынықтары мен қалдықтарына арналған қоймалар немесе жабық металл контейнерлер:

саны, сипаттама

7. Түсті және қара металдардың сынықтарын кесуге, кесуге, сондай-ақ түсті және қара металдардың сынықтарын қайта өндеуге арналған престерге және/немесе гидравликалық қайшыларға арналған кәсіпорындағы технологиялық процеске сәйкес келетін жабдық:

атауы, саны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК